# Негізгі және туынды зат есім



## *Ашық сабақ*
## *3 «б» сынып*

# САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ

***Оқушыларға зат есім жайлы түсінік бере отырып, сұрақтар қоя білуге үйрету***

***Түрлі ойын элементтерін пайдалана отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту***

***Сауатты, көркем жазуға, өзара ынтымақтастыққа, шапшаң ойлай білуге баулу***

# Психологиялық дайындық

Күндей жадырап,
Айдай арайлап,
Жұлдыздай жарқырап,
Судай таза көңілмен
Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

# Зат есім

сұрақтары:

Кім?

Кімдер?

Не?

Нелер?

# Үй тапсырмасы






19-жаттығу: *Сөздерді салыстырып оқы. Айырмашылығын байқа.*

өнер-өнерпаз балық-балықшы

күй-күйші көл-көлшік

сый-сыйлық орын-орындық

# Е р е ж е

***Зат есім негізгі және туынды болып бөлінеді.***

***Негізгі түбірден болған зат есімді негізгі зат есім дейміз.***

***Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді туынды зат есім дейміз.***

# ***Оқулықпен жұмыс***

20-жаттығу: <u>Өлеңді мәнерлеп оқы.</u>

Тау мен тасты қопарар,
Кенші болғым келеді.
Достық сәлем апарар,
Елші болғым келеді.
Бармағынан бал тамған,
Аспаз болғым келеді.
Алар озып бәйгені,
Малшы болғым келеді.

| Сөз таптары | Заттың атын білдіретін сөздер | Заттың санын білдіретін сөздер | Заттың сынын білдіретін сөздер | Заттың іс-қимылын білдіретін сөздер |
|---|---|---|---|---|
| **алма** | + | | | |
| **барды** | | | | + |
| **жеті** | | + | | |
| **қызыл** | | | + | |
| **оқушы** | + | | | |
| **оқыды** | | | | + |
| **қоңыр** | | | + | |
| **он** | | + | | |



**21-жаттығу: Жаңылтпашты оқып, жатқа жаз.**

**Шын еңбекшіл – өрмекші,**
**Өрмекші – шын өрнекші.**

**22-жаттығу:**

**Төмендегі негізгі зат есімдерге -шы, -ші жұрнақтарын жалғау арқылы туынды зат есімдер жаса.**




**Мүсін, дойбы, сауын, егін, мал, би, жылқы, күй, сиқыр.**


сауын
мал
жылқы
шы
мүсін
егін
күй
ші



# Үйге тапсырма



***Күнделікті ашайық,***
***Тапсырманы жазайық.***
***Бүгінгі  алған білімді,***
***Ұмытпай есте сақтайық .***



*23 - жаттығу.*

Сурет бойынша әңгіме құрау.